




**«ЕҢБЕКПЕН ЖЕТКЕН  
МҰРАТҚА»  
1 ҚАЗАН ҚАРТТАР КҮНІ**

# Қарттар күні туралы мәлімет

Қыркүйектің 30-ы. ҚазАқпарат - 1990 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қазанның 1-ін Халықаралық қарттар күні деп бекітті.

Алғашында Қарттар күні Еуропада, кейін Америкада, ал 80-ші жылдардың соңында бүкіл әлемде аталып өтетін болды. Бұл күні аз қамтамасыз етілген қарт адамдар, жалғыздікті зейнеткерлер мен қарт мүгедектер құрметке бөленеді






Қазақстан Республикасының Конституциясында қарт адамдардың жалпы азаматтық және арнайы құқықтарын сақтау, оның ішінде жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандырылу, денсаулығын сақтау, білікті, оның ішінде ақысыз құқықтық көмек алу құқығы кепілдендірілген.


Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында қарттарды әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесі қалыптасқан, ол зейнетақымен қамсыздандыруды.



Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Себебі, әрқайсыларыңыздың облыстың өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер.




*Сән еңкейген нұр жүзінен әл тайып,  
Қуат кетіп бара жатыр қартайып.  
Отбасында, бала – шаға қасында  
Жетпістер мен сексендер жүр қалқайып.  
Көңіл жетім болмаған соң сыңары  
Жас баладай жасауаңдаған жанары  
Қайта – қайта қарағың кеп тұрады  
Қағыс естіп қалбақтайды баладай  
Мәпелеңдер қарт біткенді аялап  
Ниеті ақ, көңілі кең даладай  
Кімге болсын қарттың жетер аяңдап*




Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше, олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу.

Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді.



Адамдар арасындағы қарым – қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен олардың жекелеген отбасында өркен жаюына яғни баланың ата – анасын жан – жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым – қатынастарында, оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты.


Қарттарды құрметтейтін олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын әдептілік кішіпейілділік сергек сезімталдық көрсетпейтін бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?




Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата – анасын ардақ тұтып өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда.







Қарттар үйі – жасы ұлғайып, қараусыз қалған қарттарымызды қамқорлыққа алатын, әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылады және ол мемлекеттік мекеме. Қартаю – биологиялық процесс, белгілі бір жасқа жеткеннен кейін организмнің мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуі. Қай жерде де ата – анаға қызмет көрсетуге тиістілігінді ұмыту әсте жарамайды. Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар. Бұл моральдік құқыны құрметтей білу керек.



Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке – шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол үйіне олардан артық құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса қартайған ата – анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт – береке деп танысақ ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата – ана әр кезде де бақытты.


Біз ардагерлер мен қарттар алдындағы өзіміздің парымызды мойындаймыз. Бұл парыз - оларға күнделікті қамқорлық, қолдау көрсету арқылы өтеледі.

Бұл аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және ардагерлерге қамқорлық көрсететін күн болып табылады...





***Сіздер де біздей болғансыздар,  
Біз де сіздердей болармыз!!!***



*Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі  
көңіл күй, сәттілік пен ұзақ зұмыр  
тілейміз! Әрқашан жандарыңызда  
сіздерді құрметтейтін балаларыңыз,  
сүйікті немерелеріңіз бен достарыңыз  
болсын!*

***Мерекелеріңіз құтты болсын!***

